

**6D011000- «Физика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін орындалған Абдраимов Рахымжан
Турисбековичтың «Жоғары сынып оқушыларына физика курсындағы
электр және магнетизмді бейінді оқытудың әдістемесі» тақырыбындағы
диссертациясының ғылыми кеңесшісі физика-математика
ғылымдарының докторы, доцент Тұрмамбеков Төребай
Абдрахманұлының**

ШІКІРІ

Постиндустриалды қоғамның сұранысы Жаңа Қазақстанда білім беру жүйесін қайта құруды талап етеді. Білім беруді қайта құру әр түрлі салалардағы жеке тұлғаның қызметі үшін құзыретті мамандарды даярлау міндетімен байланысты болады. Қазіргі қоғамдағы мектеп білімінің алдында бейіналды және бейінді оқытуды жүзеге асыру міндеті тұр. Яғни цифрлық оқыту технологияларды белсенді қолдана отырып, элективті және интеграцияланған курстар арқылы жүзеге асырылады.

Білім беру жүйесін жаңғырту мақсатында Қазақстан Республикасында Білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, білім беру деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары және «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы қабылданды. Осыған орай жоғары оқу орындарындағы мамандықтар бойынша білім беру бағдарламалары осы құжаттарда көрсетілген талаптарға сай құрастырылуы маңызды қадам болады.

Осы орайдан алғанда, PhD-докторант Р.Т.Абдраимов өзінің зерттеу жұмысында "Электр және магнетизм" бөліміне жаратылыстану-математикалық бағыттағы жоғары сынып оқушыларын оқытудың әдістемелік жүйесі әзірленді, ол оқыту мақсаттарын, оқыту әдістері мен құралдарын айқындайды және электромагнетизм заңдарын іс жүзінде қолдануға сүйенеді, "Қолданбалы электродинамика. Бөлімді және элективті курсты құрудың жетекші дидактикалық принциптері іргелі, ғылыми, пәнаралық байланыстар және кәсіби бағытталған оқыту принципі болып табылады.

PhD-докторлық диссертациясы жаратылыстану-математикалық бағыттағы жоғары сынып оқушыларын оқытуда сапалы білім беруде қосатын өзіндік үлесі барын ескерсек, Р.Т.Абдраимовтың зерттеу жұмысы қазіргі кезде көкейкесті мәселелердің біріне айналып отыр.

PhD-докторанты Р.Т.Абдраимовтың ғылыми-зерттеу жұмысының жетістіктерін төмендегі түрде көрсетуге болады:

"Электр және магнетизм" бөлімі бойынша жаратылыстану-математикалық бағыттағы жоғары сынып оқушыларын кәсіби бағытталған даярлаудың әдістемелік жүйесінің теориялық негіздері айқындалды. Олар оқушыларды даярлау мақсаттарын, олардың кәсіби қызығушылықтарын, бөлімнің және элективті курстың мазмұнын ескереді және пәнаралық байланыстар мен кәсіби дайындық бағытының принциптеріне сүйенеді.

Жоғары сынып оқушыларын "Электр және магнетизм" бөліміне оқыту технологиясының негізі психологиялық (таным процесінің ерекшеліктері, диссонанс теориясы) және педагогикалық теория (пәнаралық байланыстар мен интеграция), сондай-ақ оқушылардың психологиялық ерекшеліктері, олардың ақпаратты қабылдау мен өңдеудің танымдық дамуы болып табылады.

Сондықтан Абдраимов Рахымжан Турисбековичтың «Жоғары сынып оқушыларына физика курсындағы электр және магнетизмді бейінді оқытудың әдістемесі» атты ғылыми зерттеу жұмысы аяқталған жұмыс, автор «6D011000 - Физика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға толық лайықты деп есептеймін.

Пікір беруші:

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік
университеті, «Физика» кафедрасының
менгерушісі, физика-математика
ғылымдарының докторы, доцент**

